

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «BILIM-ORKENIETI»
ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



Құттықтаймыз!

Құрметті ата-ана, ұлағатты ұстаз!

Сіздің балаңыз (шәкіртіңіз)

Кукумбаев Мансурдың

жұмысы қазылар алқасының шешімімен талапқа сай деп табылып,

“ҰЗДІК ҒЫЛЫМИ ЖОБА АВТОРЫ”

атты Республикалық дарынды оқушылар байқауының

2-ші кезеңіне

жолдама алғанын хабарлаймыз!

Еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу.

Осы қағиданы нақты ұғынған Президентіміз: «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында», «Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын», - деп әрдайым айтып келеді.

Ғылым жолының бастауы – мектепте. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп Абай Хакім айтқандай, ағарту майданында еңбегі сіңген ұстаздарға алғыс білдіреміз! Ұлт болашағын ойлайтын білімді, дарынды шәкірттерді дайындаудағы жұмысыңыз елене берсін.

Құрметті Ата-Ана! Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең - құл болады» демекші, болам деген баланың бетін қақпай, белін буып, қолдау көрсетіп отырғаныңызға алғысымыз шексіз! Сіздің балаңыздың оқу-біліміне, дамуына салған инвестицияңыз болашақта 100 еселеніп қайтатыны анық. Балаңыздың болашағы жарқын болып, еліміздің дамуына үлес қосатын азамат(-ша) болатындығына сенім білдіреміз!

Осыған орай, Сіздерді **2024 жылдың 2 мамыр күні Астана қаласында** өтетін **«ҰЗДІК ҒЫЛЫМИ ЖОБА АВТОРЫ»** атты республикалық байқауының **I-ағымдағы** салтанатты марапаттау рәсіміне шақырамыз!